

**Салық төлеушілер үшін 2010 жылға арналған бірыңғай тіркелген салық
ставкаларын белгілеу туралы**

Күшін жойған

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 28-101 шешімі. Алматы облысы Іле ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 27 қаңтарда N 2-10-110 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2011 жылғы 18 мамырдағы N 47-197 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының
2011.05.18 N 47-197 Шешімімен**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422-бабына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15-тармақшасына сәйкес Іле аудандық мәслихаты **ШЕШІМ
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қызметін бір әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін 2010 жылға арналған бірыңғай тіркелген салық
с т а в к а л а р ы б е л г і л е н с і н .

2. 2009 жылы 5 қаңтарда қабылданған "2009 жылға арналған бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" N 17-58 шешімі (2009 жылғы 2 ақпанда Іле аудандық әділет басқармасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде енгізілген N 10-02/85, 2009 жылы 6 наурызда N 13 (4276) "Іле таңы" газетінде жарияланған) 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыстан алынып, күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау бюджет, әлеуметтік экономикалық даму, көлік, құрылыс, байланыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Карпов Дмитрий П а в л о в и ч) т а п с ы р ы л с ы н .

4. Осы шешім ресми басылымда жарияланғаннан кейін он күндік мерзім өткеннен соң бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Түстүкбаева Ә

Аудандық мәслихат хатшысы

Ыдрышева Ф.

І л е

а у д а н д ы қ

м ә с л и х а т ы н ы ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 3

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

бекітілген

**Қызметін бір әкімшілік-аумақтық бірліктің
аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер
үшін 2010 жылға арналған бірыңғай тіркелген
салық ставкасының мөлшері**

Рет N	Салық салу объектісінің атауы	Бірыңғай тіркелген базалық ставкаларының (айлық есептік бойынша – 1413 теңге)	салықтың мөлшері көрсеткіш
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	6	
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	10	
3	Ойын өткізу үшін пайдаланатын дербес компьютер	2	
4	Ойын жолы (боулинг)	25	
5	Карт	6	
6	Бильярд үстелі	10	